

# Әшірбектің «әліппесі»

Рухани жаңғыруымыздың басты тірегі болып табылатын латын әліпбиіне көшуде біз кешегі кеңестік кезеңдегі мол тәжірибемізді де назардан тыс қалдырмағанымыз абзал. Өйткені сол кезеңдегі зиялыларымыздың жобалары, айталық, ілгеріректегі Қ.Қожықов әліппесі (букварь), бертіндегі Нәзір Төрешұлының нұсқасы мен Тельжан Шонаұлының талпынысы да көпшілік оқырманға беймәлім, Оңтүстік өңірінің тумасы Әшірбек Үсеновтің «Әліппесі» де өз дәуіріндегі ағартушылық жұмыстардың ауқымды да нәтижелі жүруіне біршама септігін тигізгені анық.

Араб әліпбиі кеңінен қолданысқа енген ХХ ғасырдың басында елімізде жоғары білімі барлардың саны жүзге әрең жуықтаса, гимназия, училище, оқытушылар семинарияларын бітіргендер 700-ге жетер-жетпес болатын. 1926 жылғы халық санағы есебіне үңілсек, әріп таныған қазақтың санының 6,9%-ды ғана құрайтынын көреміз. Сондықтан төте жазу төл жазуымызға айналған тұста да, латын әліпбиі кеңінен қолданысқа енген 1927-1940 жылдардың бедерінде де ел арасындағы сауатсыздықты жою мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды. Осы мақсатта 1927 жылы ресми түрде республикамыздың латын жазуын қолданатындығы мәлім болған соң, келесі жылы ҚазОАК-тың шешімімен жергілікті жерлерде жаңа әліпбиді өміршең етуге бағытталған комитеттер құрылып, 80-ге жуық қоғамдық ұйым жұмыс жүргізе бастады.


Араб әліпбиі қолданылған тұста елімізде 12 мерзімді басылым (10 газет, 2 журнал) жарық көрген болса, 1932 жылға қарай латын қарпімен басылған БАҚ-тың саны артып, 60-қа жетті.

Ал осы кеңестік кезеңдегі әліпби төңірегіндегі тарихи тартыста А.Байтұрсынов бастаған Алаш зиялылары араб әліпбиінде қала беруді көздесе, латыншаны жақтағандар қатарында Н.Төпекулов, М.Мұрзин, Т.Жүзү-

әліппесінің үйренуге қиындығы, жазу-басу ісіне тиімсіздігі күнбе-күн сезіле бастады.

...Латын әліппесінің бір зор кемшілігі – әріпінің саны аздығы. Бірақ түрік елдері тілінің дыбысын таңбалауға араб әліппесінен латын әліппесі оралымды. Араб әліппесінде 28 әріп бар, ал латын әліппесінде 24 әріп бар. Олардың 18-і түрін де, дыбысын да өзгертпей, қазақ тіліне қолдануға жарайды», деп араб әліпбиінің 13 дыбысымызды, ал латын әліпбиінің 18 дыбысымызды таңбалайтынын атап көрсетіп, бұл мәселеге басқадан гөрі жақынырақ мәдениет таратушы оқытушылардың өте-мөте зейін салып, сын көзбен қарауын өтінеді, қоғамды дұрыс әліппеге бет бұруға шақырады. Сонымен бірге ол жаңа әліппемен жұртты сауаттандыруға көшуде біріншіден, тіл мен емленің ыңғайына, екіншіден әріптің түріне қарай жаңа әдістерге бет бұрудың жемісті болатындығын да көрсете кетеді. Осынау еңбектерінде қайраткер жаңа әліппеге көшудің уақыт талабынан, жаңа қоғам сұранысынан туындап отырғанын тілге тиек етіп, қазақ тіліне қай әліппе үйлесетінін, оқу мен жазуға, сауат аштыруға, тасқа басуға қай әліппе жеңіл болатынын тарақата түсіндіріп, батыл байлам жасайды, орнықты пікір білдіреді.

Сонымен қатар Т.Шонанов «Ересектерді сауаттандыру әді-



Коллажды жасаған Қонысбай ШЕЖІМБАЙ, «ЕО»

“ Ә.ҮСЕНОВТІҢ ҮЛКЕНДЕР МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН «ӘЛІППЕ» ОҚУЛЫҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСПАСЫНАН 1937 ЖЫЛЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ. ЖАЛПЫ РЕДАКЦИЯСЫН Ә.ҮСЕНОВ БАСҚАРҒАН БҰЛ ОҚУЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ 230 000 ТИРАЖБЕН ТАРАЛУЫНА ҚАРАҒАНДА, ОҚУЛЫҚҚА ДЕГЕН СҰРАНЫС ЗОР БОЛҒАҒА ҰҚСАЙДЫ.

азаматқа Алматы қаласындағы кез-келген ұйым мен мекемеге кіруге құқық берілетін болған. Дегенмен 1934 жылға дейін әскери қызметтен уақытша бо-

Дон зиратында жерленген. Мұны белгілі жазушы Қ.Сәрсекеев «ел газеті» – «Егемен Қазақстанда» жарияланған мақаласында да келтіре кетіпті. Оның жазуынша,

араласып, В.Внуковтың «Соғыс бізге қорқынышты ма?», С.Юшковтың «Жорықта» және «Жаяу әскерлердің тынығуы мен сақтануы», С.Стерлиннің «Соғыс кезіндегі Қызыл Армияға халық немен жәрдем етеді?» т.б кітаптарды қазақша сөйлетті. Сондай-ақ ол 1925 жылдың шілдесінен Ташкенттен Шымкентке көшіп келген сол кездегі ең белді басылым – «Ақ жол» газетінің редакциясында да өз ағасы С.Үсенов, сондай-ақ Б.Молдалиев, Т.Отарбаев,

қағидасын қатаң ұстануға тырысқан. Осылайша автор бір жағынан қазақ тілінде сауат ашуға септесетін оқулықтардың артуына өзінше үлес қосқан болса, екінші жағынан латын әріптерін қазақтың дыбыстық жүйесіне мейлінше ыңғайлап, жаңашыл әдіс-тәсілдерді де кеңінен қолданып отырған. Айталық, Т.Шонанов та, Ә.Үсенов те жіңішкелік белгісін Ы дыбысы орнына қолданса, Q дыбысын Қ, С дыбысын Ш, R дыбысын Р, J дыбысын И дыбы-

досов, И.Қабылов, Т.Шонанов және басқалары болды. Айталық, Т.Шонанов осы бағытта да жемісті еңбек етіп, «Қазақстан» баспасынан 1935 жылы М.Жолдыбайұлымен бірге «Әліппе» оқу құралын оқырмандарымен қауыштырды. Мұнда автор негізінен «жеңілден – қиынға» ұстанымын негізге ала отырып, оқушыларды мейлінше сауатты жазуға төселдіру арқылы дұрыс оқи білуге үйретуді көздеді. 1929 жылға дейін елімізде қолданылған төте жазуда бас әріп, кіші әріп, әріптің баспа түрі, әріптің жазба түрі болмағандықтан, латыншаға бет бұрған әуелгі жылдары бұл олқылықтар білім беру саласында айтарлықтай қиындықтар туғызды, оқу үдерісінің қарқынды жүруіне де қатты кедергі болды. Сондықтан да бұл жинақты құрастырушылар әріптердің таңбалануына, олардың баспа және жазба нұсқаларының арнайы көрсетілуіне, баланың таным-түсінігіне сай оқулықтың суреттермен безендірілуіне баса мән берген сияқты.

Жалпы Т.Шонанұлы – бұл тақырыпта өте көп қалам тартқан қайраткер. Оның сол кездің мерзімді басылымдарында жарық көрген «Бұл да әліппе жайында», «Латын әліппесін алуды неге тілейміз?», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында» т.б. мақалалары мен 1927 жылы Ташкент қаласында өткен әріп мәселесі туралы айтыста латын әліппесін жақтап сөйлеген сөзі, 1929 жылдың 2-4 маусымында Қызылордада ұйымдастырылған ғылыми-орфографиялық конференцияда жасаған баяндамасы осынау өзекті тақырыпқа деген өзіндік көзқарасымыздың қалыптасуына, ең бастысы, тарихи шындықты тануымызға, мәселенің байыбына барып, мән-жайға толық қанығуымызға мүмкіндік береді.

Айталық, «Латын әліппесін алуды неге тілейміз» мақаласында ол: «... төңкерістен соң қазақ тілінде мектептер ашыла бастады, кітаптар жазыла бастады. Газет-журнал көбейе бастады. Бұлардың бәрине де әліппенің үлкен қатысы бар. Іс жүзінде араб

сауаттандыруда әсіресе оқылатын нәрсенің мазмұнын нақтылы тұрмысқа, бағдарламаға үйлестіру, алынған сөз бен буынның, дыбыстың оңай болуы, сол оңайдан қиынға бірте-бірте көшу, хат танымайтын қазаққа екі қиындық бермеу секілді маңызды мәселелердің ескерілуі керектігін қаперге салады. Бұл ескертпелер мен онды ұсыныстарды ересектерге арналған оқулықты жазған Ә.Үсенов те басты бағдар еткенге ұқсайды.

Осы тұста біз Әшірбек Үсеновтің «Әліппесіне» тоқталмастан бұрын оқырманға етене таныс емес кіші Үсеновтің (белгілі қоғам қайраткері, ақын, публицист, баспагер С.Үсеновтің туған інісі) өмір жолы мен қоғамдық қызметіне де қысқаша тоқтала кетсек дейміз.

1907 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласына қарасты Қатынкөпір елді мекенінде дүниеге келген Ә.Үсенов Сырдария округтік Қазақ педагогикалық техникумында 1925-1929 жылдар аралығында білім алады. Осы өңірімізге белгілі тамыр-тарихы тереңде жатқан білім ордасынан түлеп ұшқан ол қазақ-өзбек мектептерінің І санатты мұғалімі куәлігін алысымен, ілім игеруге деген ізденісін әрі қарай жалғастырып, 1929 жылдың қыркүйегінен 1932 жылдың шілдесіне дейін Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтының тіл-әдебиет бөлімін ойдағыдай бітіріп шығады. Мұны архив құжаттары да растап отыр. Мәселен 1929 жылы 8 шілдедегі РСФСР-дің Халық комиссарлары Кеңесінің жарлығы бойынша Ә.Үсеновке берілген куәлікте оған белгілі бір аймақта үш жыл мерзімінде тұрақты жұмыс істеу керектігі міндеттелінгені.

Өзінің талайлы тағдырында ұлт мұраты жолында талай жауапты қызметтерді мінсіз атқарып, абырой биігінен көрінген Ә.Үсеновке 1931 жылы 29 қаңтарда Алматы қалалық кеңесі жұмысшы комитетінің VII шақырылымының мүшесі ретінде арнайы куәлік те (өзінің хат) берілгені. Бұл куәліктің бір артықшылығы сонда – оны иеленген

әскери билетте оның 1936 жылы 26 сәуірде Алматыдағы Пушкин көшесінің 45-үйінде тұрғандығы жазылса, тұтқындалғандығы жөніндегі 1938 жылы 9 наурызда толтырылған анкетада осы қаладағы Пролетарская көшесі 29/31-үйдің тұрғыны ретінде тіркелгендігі атап көрсетілгені. Сондай-ақ бұл құжатта оның отбасылық жағдайы туралы да мәліметтер келтіріліп, жұбайы Х.Үсенованың 24 жаста, перзенттері – Рабиғаның 6 жаста, Рахиманың 5 жаста, Әзімнің 3 жаста, кенжесі Сырымның 1 жаста екендігі жазылыпты.

Ал 1935 жылдан бастап кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе Ә.Үсеновті Қазақ КСР-нің аумағында ұлттық-террористік, диверсиялық – зиянкестік ұйымның белсенді мүшесі ретінде антикеңестік әрекеттерге барды деген жаламен айыптай бастады. Осылайша ұлт перзенті Жүргенов, Қабылов, Берденов, Жансүгіров, Қоңыратбаев секілді зиялылармен қатар осынау ұйымның белді мүшесі ретінде жазықсыз жазаланды.

С.Үсеновтің жеке құжаттарын қарап отырып оның 1936 жылы 19 қаңтарда КСРО Жазушылар Одағының мүшесі болып қабылданғанын да білдік (№875 куәлік). Ал 1938 жылы 9 наурызда тұтқындалғанға дейін Алматыда ҚазКСР Халық ағарту Комиссариатында жауапты қызмет атқарғанын айта кету керек. Сонымен бірге №12 мектепте мұғалім де болған. 1938 жылы 8 наурызда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының хатшысы Батнердің қолы қойылған үкімде Ә.Үсеновтің алдымен 10 жылға абақтыға жабылатындығы, оған қоса 5 жылға барлық саяси құқықтарынан айырылып, дүниемүлкі тәркіленетіні көрсетілген.

Алайда, 1938 жылы 11 қарашада ату жазасына кесілген Ә.Үсенов 1960 жылы 20 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды. Ақталғанымен өлі күнге дейін есімі атауызы калуда.

Оңтүстіктің аптал азаматы Ә.Үсенов белгілі Алаш диялыларының қатарында Мәскеудегі

екеуі Мәскеуде бір күнде атылып, «Дон зиратына» қойылған. «Дон зираты» – Мәскеу түбіндегі атақты Монастырь ауданы аталған байырғы мекен. Байыппен қарасақ, азаптау мен айыптаудың сан түрін бастан кешкен арыстарымыз кеңес өкіметіне қалтқысыз қызмет етсе де, ұлт басына төнген бұл нәубеттен аман қалмаған. Жоғарыдағы мақалада мынадай деректер де келтіріліпті: «...Біз келтіріп отырған деректер Москвада шыққан «Мемориал» қоғамының («Звенья» баспасы) «1935-1953 жылдар аралығындағы атылғандар тізімі» кітабында толық келтіріледі. Аталмыш жинақтағы «Москва-Центр» 1-я категория» деген тізімде 111 адамның аты-жөні келтірілген. Солардың қатарында 15-ші болып Әлихан Бөкейханов, ал 76-шы болып Нығмет Нұрмақовтың есімдері анық жазылған. Әрі 27 қыркүйек күні атылған тұтқындардың өртелмегені, жерге көмілгені айтылады. Демек монастырьдың жерлеу мекемесінің тіркеу журналында шейіт болғандардың реттік анықтамалары бар деген сөз.

Ал «1935-1953 жылдар аралығында атылғандар» кітабындағы «Казахская ССР» деген құпия тараудағы зұлмат заманның жазықсыз құрбандарының тізімінде 2-категорияда И.Амандықов, И.Байменов, А.Бекбаев, А.Кучмар т.б бірге 14-ші болып Ә.Үсеновтің де ілінгенін көреміз. Жалпы ұзын-сонар бұл тізімнің 5000-нан асып жығылатынын айтпағанның өзінде, кеңес дәуірінде тағдырдың айдауымен Мәскеуде топырақ бұйырған саяси-қуғын сүргін құрбандарының саны 40 мыңға жуықтайды екен. Ә.Үсенов те осы ұлт қайраткерлерінің алдыңғы легімен бірге атылғандығы анық болып отыр.

Ал Ә.Үсеновтің рухани мұрасына келер болсақ, ағартушылық қызметпен қатар қаламгерлігін де қатар алып жүрген ол «Ойлы бала», «Елеулі батыр» секілді шығармаларымен ақын, публицист ретінде белгілі болумен бірге, аударма саласының өркендеуіне де белсене

ішкілер Т.Раымбеков, И.Ырысметов, Ә.Сүлейменов сынды қаламгерлермен бірге өңірдің қоғамдық-саяси өміріне өзінше үн қосып, публицистика атты жауынгер жанрдың қыр-сырын таныды, қаламы ұштала түсті. Ал «Ақ жолдың» ең соңғы нөмірі 1926 жылдың 30 наурызында шыққанын назарға алар болсақ, Ә.Үсенов көсемсөздерінің әлі де болса архив қоймаларында шаң басып жатқандығы күмән тудырмайды. Сондықтан да бұл бағытта да тың ізденістерге барып, қаламгердің төл туындыларын қайта жарыққа шығаруымыз керек-ақ.

Сонымен қатар Ә.Үсенов кеңестік қазақ әдеби сынының қалыптасуына да Б.Кенжебаев, Ғ.Тоғжанов, Е.Ысмаилов, Ә.Қоңыратбаев, І.Қабылов, Ә.Тәжібаевтармен бірге біршама үлес қосты. Ал ағартушы ретінде бірқатар оқулық жазып қалдырып, 9-сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясы» мен Үлкендер мектебіне арналған латын тіліндегі «Әліппені» жарыққа шығарған Ә.Үсенов ұлт руханиятының дамуына да шама-шарқынша қызмет етті.

Ә.Үсеновтің үлкендер мектебіне арналған «Әліппе» оқулығы Қазақ мемлекеттік баспасынан 1937 жылы жарық көрді. Жалпы редакциясын Ә.Үсенов басқарған бұл оқулықтың жалпы 230 000 тиражбен таралуына қарағанда, оқулыққа деген сұраныс зор болғанға ұқсайды. Ал алғашқы шығарылымы 50 000 данаға дейін жеткен. Біздіңше бұл еңбек Н.Төрехұлов, А.Байтұрсынов, Т.Шонанов оқулықтарымен бір қатарда кеңестік кезеңдегі халық ағарту жұмыстарының даму үдерісіне оң баға беруде кеңірек қарастырылып, болашақта жан-жақты талдауға алынуы тиіс дүние деп білеміз. Жалпы Қазақ мемлекеттік баспасы бұл кітаптың шығуына мүдделілік танытып, Түркістан өлкесіндегі оқу ісі, халықты сауаттандыру шараларының өз деңгейінде жүруі үшін жергілікті ағартушы қаламгерлерді де барынша жұмылдырған. Негізгі Ә.Үсенов те, Т.Шонанов секілді өз «Әліппесінде» «бір әріп-бір дыбыс»

сөздерімізге де барынша басымдық берген автор «Сиыр», «Сағат», «Үй», «Оқуда», «Жеміс», «Гауһар» секілді тілге оралымды оңай мәтіндермен қатар, үлкендердің саяси сауатын, өре-деңгейін көтеруге де ұмтылып, «Қарсақпай», «Балам Қызыл әскер», «Екпінді колхозшылар съезі», «Паровоз», «Мектепте», «Ұлы еңбек», «Лениннен үйренейік», «Халықтар достығы» т.б секілді кеңестік кезеңде өзекті болған саяси тақырыптарға, мәтіндерге ден қойып қана қоймай, шағын әңгіме, өлеңдерге де көп орын берген. Әсіресе, Ә.Үсенов өз оқушыларының бұл оқулықты жатсынбауы үшін халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне әбден сіңісті болған байырғы төл сөздерімізді де орынды келтіріп, халыққа қара танытуда ұтымды пайдалана білген. Мәселен, автор қозы, дала, мақта, ұста, балық, қала, кен, жеміс, оқу, саяхат секілді бұрыннан сіңісті сөздермен бірге жаңа дәуірдегі пойыз, насос, зауыт ұғымдарын да ел санасына сіңіруге күш салған. Сол себепті де кеңестік кезеңдегі латын әліппіне көшу елді индустрияландыру мен жаңғыртуға өзінше сүбелі үлес қосып, жаңа әліппе арқылы білім сапасын жаңа биікке көтерді деуге әбден-ақ болатын сияқты. Олай болса Қазақстан Оқу Халық Комиссариаты бекіткен Ә.Үсенов «Әліппесінің», бұл еңбекті редакциялауға атсалысқан Т.Берденов, С.Үсенов, Р.Момыновтардың еселі еңбегі бүгінгі зерттеушілер тарапынан да мейлінше зерттеп-зерделенуі, талдап-таразылануы, тиісінше бағалануы керек. Бүгінгі рухани жаңғыруға бет бұрған қоғамымызда да кешегі кеңестік осынау тәжірибені дұрыс пайдалана біліп, ұтымды тұстарын кәдеге жарата білсек, ұтылмайтынымыз анық. Өйткені әліппе ауыстыру оңай шаруа емес, ол – ұлт болашағының басты көпірі.

Сейдахан ӘЛІБЕК,  
тарих ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры